Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.1 – Б. 312-313

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРА-ҚОҢЫР ТОПЫРАҒЫ ЖАҒДАЙЫНДА МАҚСАРЫНЫҢ СЕБУ МЕРЗІМІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӨНІМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Мукушева Д.С.

Елімізде өсімдік шаруашылығы саласының алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі – республика тұрғындарын жеткілікті мөлшерде өсімдік майымен қамтамасыз ету, ол үшін майлы дақылдар өнімдерінің жалпы түсімін 790-850 мың тоннаға жеткізу және одан жылына 150-160 мың тонна өсімдік майын өндіру болып табылады.

Бүгінгі күнде еліміздің құрғақшылық аймақтарында майлы дақылдардың ішінде құрғақшылыққа төзімді дақылдарды, оның ішінде мақсарыны өсіру қолға алынып жатыр. Себебі, мақсары майлы дақыл ретінде, техникалық, дәрілік, малазықтық және мақсаттарында қолданылады. Сонымен қатар, ерте себілгеннің өзінде мақсары құрғақшылықты көтереді. Вегетация кезінде арамшөптермен оңай күрес жүргізуге мүмкіндік туады, топырақтың тұзданыын көтере алады, аурулар мен зиянкестерге аз шалдығады және танаптық дақылдарға жақсы алғы дақылы бола алады.

Мақсары тұқымшасындағы жалпы май мөлшері 25-37%, ал ядросында 50-56% дейін ақшыл сары түсті бағалы сұйық майы болады. Өсімдік майының дәмділігі және жұғымдылығы күнбағыс майына пара-пар, ал тек қана ядросынан сығылған майдың сапасы зәйтүн майынан кем түспейді.

Мақсарының дүниежүзіндегі егіс көлемі 2,0 млн гектарға жуық. Ең көп егісі Үндістан, Мексика, АҚШ, Қытайда. Қазақстан Республикасы мақсары егісі ауданы жағынан ТМД мемлекеттерінің арасында бірінші орын алады. Егер 2004 жылы 106 мың га, ал 2009 жылы ол көрсеткіш 170 мың гектарға жетті. Орташа өнімділігі 6,0-7,0 ц/га құрайды. Мақсары дақылы негізінен еліміздің оңтүстік өңірінде тәлімі жерлерде (Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Қызылорда және Жамбыл облыстары) өсіріледі. Соңғы жылдары ол Қазақстанның солтүстігінде және батысында да өсіріле бастады.

Танаптық тәжірибе Ақмола облысы Астрахан ауданы «Фермер 2002» ЖШС-де жүргізілді. Тәжірибе 4 себу мерзімі бойынша қарастырылды (5 мамыр, 10 мамыр, 15 мамыр, 20 мамыр).

Зерттеу мақсаты**:** Мақсарының себу мерзіміне және өсіру технологиясына байланысты өнімі мен сапасына әсерін зерттеу.

Зерттеу міндеті: Мақсарының себу мерзіміне байланысты өнімділігі мен сапа көрсеткіштерін анықтау.

Зерттеу объектісі ретінде мақсары дақылының Красноводопад селекциялық станциясынан шығарылған «Ақмай» сорты алынды. Өсімдігінің

биіктігі – 100 см-ге дейін жетеді, жапырақтары жалпақ, ланцетті, ұштары тікенексіз. Бір түпте орташа 8 дана қорапша болады. Әр қорапшада 30-40 тұқымшаға дейін қалыптасады. Тұқымшалары ірі, 1000 дәннің массасы 48,0 грамм. Тұқымдағы май мөлшері – 38,0 %. Өнімділігі – 9,0-18,0 ц/га-ға дейін жетеді. Сорт 2002 жылы аудандастырылған. Туындыгерлері: М. Коңырбеков және Г. Айнабекова.

Танаптық тәжірибеде барлық бақылаулар, байқаулар және есептер мен талдаулар «Ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын мемлекеттік сынау әдістемесі» (2002 ж.) бойынша жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері: Мақсарының себу мерзімі өсімдіктің өсу және даму деңгейінің қалыпты дамуын анықтайды. Қарқынды технологияда мақсарыны оңтайлы мерзімде себу біркелкі және толық егін көгін алуын қамтамасыз ететін ең маңызды шара болып табылады. Себер алдында біржылдық арамшөптермен күресуге мүмкіндік туады. Мақсарыны ерте себу өсіп-даму кезеңінде арамшөптермен басылып қалуды болдырмайды. Алайда тым ерте немесе тым кеш себу мақсарының өнімділігінің төмендеуіне әсер етеді.

2013 жылы жүргізілген тәжірибе нәтижесі бойынша мақсарының майлы тұқым өнімі 10 - мамырда себілгенде басқа себу мерзімдеріне қарағанда жоғары өнімділікті көрсетті – 5,84 ц/га. 5 мамырда себілген егістіктерде өнімділік 5,32 ц/га болды. Ең төменгі өнімділік 15-мамырда себілген нұсқасында қалыптасты (2,86 ц/га). Оны мақсарының негізгі даму кезеңдерінде ауа райы жағдайларының қатал болуымен түсіндіруге болады. Бақылау нұсқасының өнімділігі мақсарының барлық нұсқаларынан орташа 1,34 ц/га-ға төмен болды.

Қорытынды. Ақмола облысының қара-қоңыр топырағы жағдайында ылғалмен жеткілікті қамтамасыз етілген 2013 жылы мақсарының 5-10 мамырда себілген егістігінде кеш себілген мерзімдегіге қарағанда жоғары майлы тұқым өнімділігі қалыптасты.

Ғылыми жетекшісі Әрінов Б.К., а.ш.ғ.к., аға оқытушы